

2014 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 165 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 ақпанда № 2538 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 1178 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 13.02.2015 № 1178 хатымен).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына сәйкес Мақтаарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 21.11.2014 № 1284 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

2-1. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қолданылады.

Ескерту. Қаулы 2-1 тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 21.11.2014 № 1284 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Абуовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>С.Тұрбеков</i>
	Мақтарал ауданы әкімдігінің 12 ақпан 2014 жылғы № 165 қаулысына қосымша

2014 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

Қ / с	Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	Қала, кенттер және ауылдық округтері әкімдерінің	Көркейту, көгаландыру, аймақтарды тазалау	525	180 гектар	Аудандық бюджет
		Мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту, тарату	24	30000 дана	
		Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмілетке толмағандардың арасында құқықты бұзуды алдын алу ("Сақшы" және "Тәртіп")	25	Қала, кенттер және ауылдық округтері аумағында	Аудандық бюджет
2	"Мақтарал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекмесі	Жұмыссыздардың құжаттарын рәсімдеуге көмектесу, құжаттарды көбейту және тарату	6	3000 дана	Аудандық бюджет
	Жалпы		580		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.